

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

**Астана қаласы,  
23 маусым 2008 г.**

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның («ҚМГ БӨ», «Компания») басшылығы дәстүрлі роуд-шоу – Ұлыбритания және Еуропа құрлығындағы инвесторлармен және қаржы сарапшыларымен кездесулер сериясын өткізеді. Роуд-шоудың негізгі міндеті – рынокты Компанияның соңғы жетістіктерімен және нәтижелерімен, сондай-ақ, Компанияның қызметіне әсер ететін сыртқы факторлар айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жағдайдағы стратегиялық болашағымен таныстыру. Аталған факторларға мұнай бағасы, негізгі шығын түрлерінің динамикасы және фискалді жағдайдың өзгеруі жатады.

Ағымдағы операциялық қызметке қатысты Компания өзінің негізгі активтеріндегі (Өзенмұнайгаз және Ембімұнайгаз) өндіруді 2008 жылы 9,5 млн. тонна деңгейінде ұстап тұруды көздейтін жоспарын нақтылайды. Қазгермұнай және SCEL компанияларының өндіруіндегі Компанияның үлесі 2,45 млн. тоннаны құрайды. Жаңа Салық кодексі бойынша жұмыстар жалғасып, әзірге алдағы жылдардағы фискалды жағдайдың қандай болары анықталмағандықтан, Компания өзінің инвестициялық және операциялық жоспарларына өзгерістер енгізген жоқ. 2009 жылға арналған өндірістік және инвестициялық жоспар ағымдағы жылдың соңындағы жариялануы мүмкін.

Компания алдағы уақытта да өзінің айтарлықтай бәсекелестік басымдықтарын пайдалана отырып, сатып алу арқылы өсу стратегиясын жалғастыратын болады. Алайда, салықтық режимнің белгісіздігінен 2008 жылға жоспарланған сатып алулардың аяқталу мерзімдері өзгеруі мүмкін. Атап айтқанда, 2008 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған ПетроҚазақстан компаниясындағы 33%-дық үлесті сатып алу екінші жартыжылдықта қаралады.

Компания сондай-ақ, негізгі элементі Лиман және Р9 блоктарындағы тұзасты құрылымдарын зерттеу болып табылатын геологиялық барлау бағдарламасын да жалғастыруда. 2007 жылы және 2008 жылдың басындағы жүргізілген 2D-сейсмикалық және басқа да зерттеулердің нәтижесінде ресурстық базаны бағалау және барлау ұңғыларының орналасқан нүктесін анықтау мақсатында аталған блоктарда қосымша 3D сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу қажеттігі туралы шешім қабылданды. Алғашқы екі тұзасты ұңғыларына бұрғылау жүргізу 2009-2010 жылдарға жоспарланып отыр.

Компанияның Бас директоры Асқар Балжанов: «Қазіргі кезде Компанияның қаржылық жағдайы тұрақты, қиын геологиялық жұмыстарды жүргізуге және тұрақты өндіру деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік беретін техникалық әлеуеті жоғары. Біз ҚазМұнайГаз Ұлттық компаниясының қолдауына иеміз және Компанияның акционерлік құнын арттыруға бағытталған өзіміздің өсу стратегиямызды жүзеге асыруды жалғастырамыз. Біз мұнай саласына салық салу мәселесі анықталғаннан кейін 2009 жылға және одан кейінгі жылдарға жоспар құруды аяқтаймыз», - деді.

Таныстырылым материалдары Компанияның сайтында: [www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz) жарияланды.

\*\*\*

#### АНЫҚТАМА:

ҚМГ БӨ Қазгермұнай және CCEL (Қаражанбасмұнай) компанияларындағы үлестерді қоса есептегенде 2007 жылы 10,6 млн. тоннадан (тәулігіне 215 мың баррелден) асатын мұнай өндіру көлемі бойынша Қазақстанда екінші орынға ие. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2007 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 240 млн. тоннаны (1,8 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2 млрд. баррельден астамды құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ауқымды депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты.

#### Байланыстық ақпарат:

«ҚМГ БӨ» АҚ, Қоғаммен байланыс (+7 7172 977908, +7 7172 977924)  
Зухра Сұлтанова  
e-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 975433)  
Александр Гладышев  
e-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

WMC Communications Ltd / Pelham PR (+44 20 3178 4418)  
Elena Dobson  
e-mail: [Elena.dobson@pelhampr.com](mailto:Elena.dobson@pelhampr.com)

#### Болашаққа қатысты мәлімдеме

*Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасасмайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.*